

## 2003 жылғы егіннің астығын сатып алудың кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 301 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 1301 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.27. N 1301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына және "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына 2003 жылғы егіннің 2 000 000 (екі миллион) тоннаға дейінгі көлемдегі бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын кредит ресурстарын тарту есебінен осы қаулымен бекітілген Ережеге сәйкес сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын. < \* >

*Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.23. N 854 қаулысымен.*

2. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы егіннің астығын сатып алу ережесі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 27 наурыздағы

N 301 қаулысымен

бекітілген

**2003 жылғы егіннің астығын сатып алу**

**ережесі**

Осы Ереже "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес әзірленді.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агент - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы ;

2) комиссия - құрамына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және агенттің өкілдері енгізілетін, сатушыларды іріктеуді жүзеге асыратын, агент құратын комиссия;

3) сатушы - астықты сатып алуға қатысушы жеке немесе заңды тұлға.

2. Сатушылардан астықты сатып алуды агент іріктеп алған астық қабылдау кәсіпорындарында агент жүзеге асырады.

3. 2003 жылғы егіннің бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын сатып алу екі кезеңде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің пруденциалдық нормативтерін орындайтын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің кепілдігімен көктемгі-жазғы кезеңде 2003 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде қаржыландыру арқылы ;

күзде тікелей сатып алу арқылы.

2003 жылғы егіннің бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын сатып алу тауарлық биржалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

## **2. Астық сатып алуды жүргізудің және оны қаржыландырудың тәртібі**

4. Осы Ереже жарияланғаннан кейін агент республикалық баспасөз басылымдарында сатып алудың шарттары мен астық сатып алу жүзеге асырылатын астық қабылдау кәсіпорындарының тізімін жариялайды.

5. Өзінің астығын сатуға мүдделі сатушы комиссияға:

1) көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы сатып алу бағдарламасына қатысу үшін :

сатып алуға ұсынылып отырған астықтың көлемі көрсетілген өтінімді;

Сатушыға банктік кепілдік беру ниеті туралы екінші деңгейдегі банктің хатын ;

жер пайдалану құқығын белгілейтін құжаттың көшірмесін;

2) тікелей шарттар бойынша күзгі сатып алуға қатысу үшін:

астықты сату туралы жазбаша өтінімді;

астық қолхатының көшірмесін береді. <\*>

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.12. N 28 қаулысымен .*

6. Комиссия анықтаған сатушы агенттің облыстық өкілдігімен агент бекіткен нысан бойынша астық сатып алуға шарт жасасады.

Шартты жасасу үшін сатушы қосымша құн салығы бойынша есепке қойылғаны туралы куәліктің көшірмесін не салық төлеушінің тіркеу нөмірін көрсетіп және сатушы бірыңғай жер салығын төлеуші екендігін және қосылған құн салығын төлеуші емес екендігін растай отырып, салық қызметі органының анықтамасын береді.

Бұдан басқа:

заңды тұлғалар үшін:

құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері;  
мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және статистикалық есеп карточкасының нотариалды куәландырылған көшірмелері;

жеке тұлғалар үшін:

астықты сатушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;  
кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқығын растайтын құжаттың көшірмесі беріледі.

7. Көктемгі-жазғы кезеңде қаржыландырылған астықты қабылдау және күзде сатып алынатын астыққа ақы төлеу үшін сатушы мынадай құжаттарды береді:

астық қолхаты мен оның куәліктері бойынша құқықтың агентке өтуін растайтын тапсыру жазбасы (индоссаменті) бар сатып алынатын астық көлеміне астық қолхатының түпнұсқасын;

астықты сертификаттау бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген ұйым (зертхана) берген сапа сертификатының түпнұсқасын;

салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны.

8. Агент мынадай жағдайда бес банктік күн ішінде ақша қаражатын сатушының шотына аударуды жүзеге асырады:

көктемгі-жазғы қаржыландыру бағдарламасы бойынша - Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің банктік төлем кепілдігін бергеннен кейін;

күзгі сатып алу бағдарламасы бойынша - осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін.